

## АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕНДЕГІ ӨНДІРІСТІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ БІРЛЕСТІКТЕР

ПРОИЗВОДСТВЕННЫЕ ИНФРАСТРУКТУРНЫЕ ОБЪЕДИНЕНИЯ  
В АГРОПРОМЫШЛЕННОМ КОМПЛЕКСЕ

## INDUSTRIAL INFRASTRUCTURE ASSOCIATIONS IN AGRO-INDUSTRIAL COMPLEX

**А.А. АБДИКАДИРОВА**<sup>\*1</sup>*PhD докторы***Ж.А. ДУЛАТБЕКОВА**<sup>2</sup>*Э.Ф.К.***М.Ш. КУШЕНОВА**<sup>3</sup>*Э.Ф.К.*<sup>1</sup>Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі, Нұр-Сұлтан, Қазақстан<sup>2</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан<sup>3</sup>Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қызылорда, Қазақстан*\*автордың электрондық поштасы: a.abdikadirova@edu.gov.kz***А.А. АБДИКАДИРОВА**<sup>\*1</sup>*доктор PhD***Ж.А. ДУЛАТБЕКОВА**<sup>2</sup>*К.Э.Н.***М.Ш. КУШЕНОВА**<sup>3</sup>*К.Э.Н.*<sup>1</sup>Министерство цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности Республики Казахстан, Нур-Султан, Казахстан<sup>2</sup>Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, Нур-Султан, Казахстан<sup>3</sup>Кызылординский государственный университет им. Коркыт-ата, Кызылорда, Казахстан*\*электронная почта автора: a.abdikadirova@edu.gov.kz***A. ABDIKADIROVA**<sup>\*1</sup>*PhD***ZH. DULATBEKOVA**<sup>2</sup>*C.E.Sc.***M. KUSHENOVA**<sup>3</sup>*C.E.Sc.*<sup>1</sup>Ministry of Digital Development, Innovations and Aerospace Industry of the Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan, Kazakhstan<sup>2</sup>L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan<sup>3</sup>Korkyt Ata Kyzylorda State University, Kyzylorda, Kazakhstan*\*corresponding author e-mail: a.abdikadirova@edu.gov.kz*

Аңдатпа. Тиімді нарықтық экономика ауыл шаруашылығы өндірісінің жоғары дамыған инфрақұрылымының жұмыс істеуін көздейді. Қазақстанның аграрлық секторын, оның материалдық-техникалық базасын жаңғыртуды және ауылдық аумақтарды дамытуды тежейтін жағымсыз факторлардың бірі өндірістік тетіктің регрессиясы болып табылады. Ауыл шаруашылығына қызмет көрсететін өзара байланысты құрылымдардың бәсекеге қабілетті моделін қалыптастыру интеграциялық байланыстар құруға және мемлекеттік реттеуді жетілдіруге, ішкі өндірісті кеңейтуге және осы сала өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді. Мақалада кәсіпорындарды агроөнеркәсіптік кешеннің материалдық және техникалық ресурстарының барлық түрлерімен қамтамасыз етудегі құрылымдық теңгерімсіздік, ауылшаруашылық кәсіпорындарының және жалпы агроөнеркәсіптік кешеннің ішкі инфрақұрылымы деңгейінің артта қалуы проблемалары

көрсетілген, бұл өндірістік әлеует элементтерін тиімсіз пайдалануға әкеледі және қазіргі заманғы техника мен технологияларды, сондай-ақ өндірісті ұйымдастырудың жаңа нысандарын енгізуге кедергі болып табылады. Аграрлық сала жеңіл өнеркәсіптің шикізаттық тірегі ретінде ел экономикасындағы негізгі сала болып табылады. Әлемнің дамыған елдерінің салалық бірлестіктерінің заманауи тәжірибесі көрсетіп отырғандай, өндірістік қызметтер нарығының жұмыс істеуі әртүрлі салалардың даму қағидаттары мен ерекшеліктеріне негізделген үрдіс ретінде қарастырылады. Авторлар нәтижелерді жоспарлау мен бағалаудағы жүйеліліктің, іс-шаралардың кешенділігінің, жеке тәсілдің, міндеттемелерді орындау кепілдіктерінің әлемдік озық практикасын ескере отырып, ауыл шаруашылығы өндірістік инфрақұрылымын дамытудың жетілдірілген қазақстандық моделін ұсынды.

**Аннотация.** Эффективная рыночная экономика предполагает функционирование высоко-развитой инфраструктуры сельскохозяйственного производства. Одним из негативных факторов, сдерживающих модернизацию аграрного сектора Казахстана, его материально-технической базы и развитие сельских территорий, является регресс производственного механизма. Формирование конкурентоспособной модели взаимосвязанных структур, обслуживающих сельское хозяйство, способствует созданию интеграционных связей и совершенствованию государственного регулирования, расширению внутреннего производства и повышению конкурентоспособности продукции этой отрасли. В статье показаны проблемы структурных диспропорций в обеспечении предприятий всеми видами материальных и технических ресурсов агропромышленного комплекса, отставания уровня внутренней инфраструктуры сельскохозяйственных предприятий и АПК в целом, что приводит к неэффективному использованию элементов производственного потенциала и является препятствием к внедрению современной техники и технологий, а также новых форм организации производства. Аграрная отрасль как сырьевая опора легкой промышленности – ключевая в экономике страны. Как показывает современный опыт отраслевых объединений развитых стран мира, функционирование рынка производственных услуг рассматривается как тенденция на основе принципов и особенностей развития различных отраслей. Авторами представлена усовершенствованная казахстанская модель развития сельскохозяйственной производственной инфраструктуры, с учетом передовой мировой практики системности в планировании и оценке результатов, комплексности мероприятий, индивидуального подхода, гарантий выполнения обязательств.

**Abstract.** An efficient market economy presupposes functioning of highly developed infrastructure for agricultural production. One of the negative factors restraining the modernization of agricultural sector of Kazakhstan, its material and technical base and the development of rural areas is the regression of production mechanism. The formation of competitive model of interconnected structures serving agriculture contributes to the creation of integration ties and improvement of State regulation, the expansion of domestic production and the increase in the competitiveness of the products of this industry. The article shows the problems of structural imbalances in the provision of enterprises with all types of material and technical resources of agro-industrial complex, lag in the level of the internal infrastructure of agricultural enterprises and agro-industrial complex as a whole, which leads to the ineffective use of elements of production potential and is an obstacle to the introduction of modern equipment and technologies, as well as new forms of organization of production. The agricultural sector as raw material support for light industry is a key one in the country's economy. As modern experience of industry associations of developed countries shows, functioning of production services market is viewed as trend based on the principles and characteristics of the development of various industries. The authors present an improved Kazakhstani model for the development of agricultural production infrastructure, taking into account the best world practice of consistency in planning and evaluating results, the complexity of measures, individual approach, guarantees of fulfillment of obligations.

---

**Түйінді сөздер:** агроөнеркәсіптік кешен, инфрақұрылымдық бірлестіктер, шикізат, өндіріс, өнім, өнімділік, пайда, инновациялар, агроиндустриялық технологиялар, маркетинг, логистика.

**Ключевые слова:** агропромышленный комплекс, инфраструктурные объединения, сырье, производство, продукция, производительность, прибыль, инновации, агроиндустриальные технологии, маркетинг, логистика.

**Key words:** agro-industrial complex, infrastructure associations, raw materials, production, products, productivity, profit, innovations, agro-industrial technologies, marketing, logistics.

---

**Кіріспе.** Ауыл шаруашылығын кешенді дамыту деңгейі әрқашан еліміздің экономикалық және әлеуметтік-саяси тұрақтылығының шешуші факторы болып қала бермек. Қазақстанның климаттық жағдайлары, қалыпты жылу белдеуі егін шаруашылығындағы барлық дақылдарын өсіруге және мал шаруашылығын дамытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы әлемдік экономиканың маңызды саласы болып табылады. Оның негізгі мақсаты – халық пен жеңіл өнеркәсіп үшін шикізатпен және азық-түлікпен қамтамасыз ету. Бұл – табиғи жағдайларға байланысты материалдық өндірістің жалғыз саласы. Дегенмен, бұл саланың әр түрлі елдер мен аймақтар экономикасындағы рөлі өте әр түрлі. Ауыл шаруашылығының экономикасы өндірістің ерекше түрлерімен және аграрлық қатынастармен ерекшеленеді. Ол қажеттілікті қанағаттандыруда екі топқа топтастыруға болады: біріншісі, ауыл шаруашылығының коммерциялануы – жоғары өнімділігі, даму қарқындылығы, мамандану деңгейінің жоғары болуы. Екіншісі, ауыл шаруашылығының тұтынушылығы – төмен өнімділікпен, ауқымды дамумен, мамандандырудың болмауымен сипатталады.

Ауыл шаруашылығы саласында өндірістік инфрақұрылымды тұрақты дамытуды жетілдіруге байланысты іс-шараларды жүзеге асыра отырып, өзіндік құны төмен, жоғары сапалы өнім өндіру арқылы ғана Бүкіләлемдік Сауда Ұйымында бәсекелестікке жетуге болады [1]. Ауыл шаруашылығы өндірістік инфрақұрылымдық қызметті кооперациялық бірлескен құрылымдарда атқару әдістері: біріншіден – күрделі тауар өндірісін қайта құруға, көптеген ұсақ ауыл шаруашылық құрылымдарының күйзелістен құтылуына, жұмыс орындарын ашуға және әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуге; екіншіден – инвестицияның құйылуына және оның негізінде, өндірістің техникалық және технологиялық қайта қарулануына, ал оның салдары ретінде – өндірістің өсуіне; үшіншіден – ауыл шаруашылық тауар өндірушілерінің күрделі агроөнеркәсіп құрылымдарында қатысуын қамтамасыз етуін, өткізу нарығын елеулі кеңейтуге мүмкіндік жасайды.

**Зерттеу материалдары мен әдістері.** Ауыл шаруашылығына жаңа үлгіні енгізу мүмкіндіктерін ашуда зерттеу әдістері жүйелі және салыстырмалы талдау, бақылау, салыстыру және топтау әдістері қолданылды.

**Әдебиеттерге шолу.** Ауыл шаруашылығы өндірісінің инновациялық дамуының

шетелдік тәжірибесі тұлғаланған аумақтық құрамдастық бөлікке ие. АҚШ-та әр штат ауыл шаруашылығын дамытуға жете көңіл бөлген және инновациялық салада жетістіктер жоғары деңгейде жүргізілуде. Канаданың инновациялық саласында басқа дамыған елдермен салыстырғанда мемлекет салыстырмалы үлкен рөл атқарады. Аумақтық дамудың Канадалық кеңестері өз провинцияларына өнеркәсіптік көмек беру мен дамуын негізгі міндет ретінде қарастырады [2].

Жапония үкіметінің ғылыми-техникалық прогресті қамтамасыз ету, ғылымды қажетсінетін жоғары технологияларды ынталандыру шараларының ішінде аймақтық дамудың бағдарламалары көрнекі орын алады. Мұндай бағдарламалардың бірі – «Технополис» бағдарламасы. Жапонияның шеткері аймақтарындағы аудандардың жедел экономикалық дамуының жоспары болса да, бір уақытта олардың ғылыми-техникалық әлеуетін ұлғайтуға ғана емес, сонымен қатар тұтас елдің ғылыми-техникалық прогрестің қалыптасуына ықпалын тигізеді [3].

Көптеген ғалымдар ауыл шаруашылығын елдің дамуына септігін тигізетін маңызды саласы ретінде қарастырған. Оның ішінде, С. Питер ауыл шаруашылығының дамуын кедейшілік ауқымын қысқартумен байланыстырған. Кедейлікке қарсы күрес үшін донор елдер мен мекемелер пайдаланатын қазіргі стратегияларда ауыл шаруашылығының рөлі негізінен ауыл шаруашылығының дамуы, азық-түліктің болуы, кедейлікпен калорияны тұтыну және кедейліктің ауқымын қысқарту арасындағы тікелей байланыстардың маңыздылығын танымау салдарынан болғандығын негіздеген. Хаями Юдзиро ауыл шаруашылығын дамытуда жоғары көрсеткіштері бар Оңтүстік-Шығыс Азия елдері тұрақты өсу жолына қайтып келуі үшін оның өткен табыстары мен сәтсіздіктерін оң талдау негізінде жасалынған ауыл шаруашылығын жандандыру саясатын әзірлеу қажеттігін ұсынған. Саясатқа бағытталған мұндай талдау басқа дамушы өңірлер үшін пайдалы ұсыныстар алуға мүмкіндік береді.


Батыс Еуропалық елдерінде фермерлердің қажеттілігіне техниканы жұмылдыруда олар бір бөлігіне ие болады, ал кейбіреулерінің иелігінде техникалар болмайды. Осы жағдайда оларда машина-трактор бекеттерінің қызметтері жақсы дамыған. Кейбір қажеттіліктерді жабуда мемлекеттің алатын орнында жоғары. Мемлекет шаруа-

шылықты техникамен қамтамасыз етуді ұйымдастыратын ұйымдарға бірқатар жеңілдіктер мен қолдауларды енгізу қарастырылған. Техникаларды пайдалануда Австрияда субсидияларды алу көзделген. Ол тәжірибе қазіргі таңда біздің де елімізде қолданылуда. Германияда техникаларды жұмылдыратын кәсіпорындар тек шаруашылықтарға қызмет көрсетеді, бірақ олар пайда табуды мақсат етпейді және салық жеңілдіктері қарастырылған. Батыс Еуропада техниканы пайдаланудың жалгерлік нысаны кеңінен қолданылады [4].

Дамыған елдердің инновациялық үрдістің жоғары тиімділігін қарастыратын аумақтық дамудың арнайы бағдарламалары әзірленеді және іс-жүзіне жүзеге асырылады. Өндірістік ресурстардың (логистика) ішкі фирмалық қозғалысын оңтайлы ұйымдастыру сыртқы қарым-қатынастардың (маркетинг) оңтайлы жүйесімен ұштасады [5]. Осы жағдайда «нарықтық сапаны» жоспарлау – бәсекелестердің қызметтерін салыстырған кездегі тұтынушы қызметтерінің қасиеттері осы мәселелерді шешу мақсатымен автоматтандырылған ақпараттық жүйелер құрылған.

### Нәтижелер және оларды талқылау.

Ауыл шаруашылығы саласында біріккен құрылымдардың пайда болуы мен дамуы нарықтық тетікпен негізделген. Сондықтан, олардың қызметтерін реттеудің негізі – мемлекетпен басқарылатын нарықтық тетіктің өлшемдері және агроөнеркәсіп кешенінде жүзеге асырылатын тетіктер болуы тиіс. Бұл жағдайда, әр түрлі ауыл шаруашылығы саласында шаруашылық кеңістіктері тиімді пайдаланылады. Шығарылатын өнімнің мөлшері олардың арасында шамамен тең үлестірілетін күрделі және ұсақ өндірістері арасындағы құралған баланс, тек экономиканың көптүрлілігінің артықшылығын ғана пайдалануға мүмкіндік бермейді, сонымен қатар еркін бәсекеге ықпал етеді. Ауыл шаруашылығының дамуы өнеркәсіп саласының дамуына оң әсерін тигізеді. Еліміздің жер көлемінің үлесі қаншалықты үлкен болғанымен ауыл шаруашылығының өнім көлемінің тұрақты болмауы әлі де мәселелердің оңды шешімін таба алмауын көрсетіп отыр. Жер көлемі соңғы он жылда 3,3 пайызға артқан (1 сурет).




Ескерту: автормен [қараңыз, 6] дерек көзі негізінде құрастырылған

1 сурет – ҚР ауыл шаруашылығы дақылдарының анықталған жалпы егістік алқабы, мың гектар

Еліміздің ауыл шаруашылығының агроөнеркәсіптік кешені ел экономикасында маңызды рөлге ие. Оның дамуы елдің тұрақты дамуын теңестіріп, еңбек өнімділігін арттырады және халықтың негізгі бөлігінің өмір деңгейінің жақсаруын қамтамасыз етеді. Қазіргі кезде елімізде 2021 жылға дейін қарастырылған агроөнеркәсіптік кешенді

дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы қарқынды екпінмен жүзеге асырылуда. Ауыл шаруашылығы еліміздің негізгі өндірістік саласын ынталандырушы және шикізатпен қолдаушы маңызды сала. Ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімі 2019 жылы жалпы ішкі өнім көлемінде 4,3 пайызды құраған (2 сурет).



Ескерту: автормен [қараңыз, 6] дерек көзі негізінде құрастырылған

2 сурет – Ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы ішкі өнімдегі үлесі, %

Бүгінгі күні агроөнеркәсіптік кешен өнімдерінің 19 түрі (сиыр еті, қой еті, тірі жылқылар, балық, бал, бидай, бидай кебегі, соя бұршағы, жоңышқа, рапс күнжармасы, арпа, жүгері, бидай ұны, сүт өнімдері, жүн шикізаты, зығыр тұқымы, шошқа еті, азықтық бидай ұны) Қытай нарығына қол жеткізді. Сондай-ақ, қой еті, сиыр еті, тірі ірі қара мал және союға арналған ұсақ мал, тағамдық жұмыртқа бойынша Иран мен Біріккен Араб Әмірліктері, балық, майлы

дақылдар мен азықтар бойынша Еуропа одағы, тірі ірі қара мал және союға арналған ұсақ мал бойынша Сауд Арабиясы, сиыр және қой еті бойынша Бахрейн секілді жаңа өткізу нарықтары ашылды. Нәтижесінде 2019 жылдың тамызында агроөнеркәсіптік кешен өнімі экспортының көлемі 2040,6 млн АҚШ долларын (7,7 млн тонна) құрады, бұл 2018 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 9%-ға көп [6] (кесте).

Кесте – Ауыл шаруашылығының өндірістік өнім көлемі, млн тенге (2017-2019 жж.)

Көрсеткіштер	Жылдар			Ауытқуы, % (2018/2019)
	2017	2018	2019	
Жалпы ауыл шаруашылығы өнімдері, оның ішінде:	4 092 333,0	4 497 585,4	5 177 893,7	115,1
өсімдік шаруашылығының жалпы өнімі	2249166,9	2411486,7	2 817 660,6	116,8
мал шаруашылығының жалпы өнімі	1810914,1	2050455,8	2 319 496,7	113,1
ауыл шаруашылығы салаларындағы қызметтер	10835,8	12145,6	14 005,7	115,3

Ескерту: автормен [қараңыз, 6] дерек көзі негізінде құрастырылған

Жалпы ауыл шаруашылығы өнімдерінің шығарылымы 2019 жыллы 2018 жылмен салыстырғанда 5,1 пайызға артып, 5 177 893,7 млн теңгеге өнім берген. Қазіргі таңда ауыл халқының 3,8 млн адамы еңбекке қабілетті, соның 1,3 млн адамы ауыл шаруашылығында жұмыспен қамтылған. Жылына 2 млн тоннадан астам жалпы импортты құрайтын негізгі дамушы нарыққа шығуда. Экспорттау бойынша 5 көшбасшы елдер қатарына кіру басты ауыл шаруашылығын дамыту бағыты болып отыр. Осы бағытта ауыл шаруашылығын дамытуда қолға алынатын келесідей міндеттер алға қойылды: жер және су ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыру, аграрлық ғылымды дамыту, технологиялар трансферті, техникалық жарақтандырылу және сандық

технологиялар арқылы сапалы мемқызметтер ұсыну. Осы міндеттерді орындауда тиімділікті арттыруға мүмкіндік беретін елімізде кластерлік жүйе бойынша агроөнеркәсіптік интеграциялық бірлесу – бұл өндірісті жоғарғы деңгейде ұйымдастырудың табиғи, ең тиімді жолы. Азық-түлік қауіпсіздігі, экспорттық нарыққа қолжетімділік және экспорттық әлеуетті дамытудың басты көзі болар еді [7].

Дегенмен, елімізде Отандық өндірісті қамтамасыз етудің жеткіліксіз деңгейі сүт өнімдерінің, ет өнімдерінің, жемістер мен жеміс-көкөніс импорты жоғары болып қалуда. Қант өндірісі жүйесі шамадан тыс импорттың әсеріне ұшырауда, шекердің 92% өндірілетін шикізаты импорты әсер етеді [8].

Еліміздегі ауыл шаруашылығының толыққанды жұмысын жүзеге асыру үшін қажетті шаруашылықтардың бірлестігін құру маңызды. Ол шикізатты өндіретін ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын, өңдейтін кәсіпорындармен байланыстырып ғана қоймай, сонымен қатар ауыл шаруашылығына қызмет көрсететін кәсіпорындардың жұмысын бірлестіруді, ортақ нәтижені арттыруды көздейді. Себебі шаруашылықтың дамуы тек өндірістік салаға ғана емес, шаруашылықтың өнімін шикізат түрінде тұтынатын салаларға да маңызы жоғары.

Өндірістік инфрақұрылымы бірлестігін құру еліміздегі мал шаруашылығымен қатар, егін шаруашылығында мақта, картоп, көкөніс, жеміс және жүзім-шарап өндірудің инновациялық жобалары, инновациялық үрдістерді жандандыруды және кәсіпорындардың қаржы-экономикалық қызметтерінің тиімділігін көтеруге мүмкіндік береді [9]. Өндірістік инфрақұрылымы бірлестігін құрудың негізгі мақсатына келесілер жатады:

- пайдалы ауыл шаруашылығы дақылдары көлемін ұлғайту;
- суландыру және дренаж жүйелерін қалпына келтіру;
- халықты ерте пісетін ауыл шаруашылығы өнімдерімен қамтамасыз ету үшін егін шаруашылықтарының аудан және қала мандарындағы ауданын ұлғайту;
- жеміс ағаштар бақтарын өсіруді климаттық жағдайы қолайлы ауыл аймақтарындағы шаруашылықтарында орналастыру;
- акционерлік қоғамдар, өндірістік кооперативтер, шаруа қожалықтарына мақта, көкөніс, бау-бақша серіктестіктері үшін қажетті екеп көшеттерін өсіру мақсатында мамандандырылған шаруашылықтар құру.

Көрсетілген мақсатқа жету үшін мынадай негізгі міндеттерді шешу қажет:

- өндірістік инфрақұрылымға қатысушылардың өзара іс-қимыл тетіктерін дайындау;
- агроиндустриалды технология негізінде шикізат базасын дамыту;
- инновациялы және жоғарғы технологиялық өндіріс енгізу;
- техникалық және қызмет ететін білікті мамандарды әзірлеуге мемлекеттік тапсырыс көлемін ұлғайту;
- халықаралық үйлесімді техникалық стандарттар мен ережелер дайындау;
- ішкі және сыртқы нарықта сату көлемін кеңейту [10].

Қазіргі жағдайда ауылшаруашылық өнімін өндірушілер мен өңдеушілер арасындағы қайшылықтарды жеңу және бірқа-

лыпты өзара пайдалы экономикалық қатынастарды дамыту үшін, бұлардың арасындағы оңтайлы интеграциялық бірлесудің жоғарыда көрсетілген үлгіге сай тиімді түрлерін қарастыру қажет.

### Тұжырымдар

1. Ауыл шаруашылығы өндірістік инфрақұрылымдық қызметті кооперациялық бірлескен құрылымдарда атқару: біріншіден – күрделі тауар өндірісін қайта құруға, көптеген ұсақ ауыл шаруашылық құрылымдарының күйзелістен құтылуына, жұмыс орындарын ашуға және әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуге; екіншіден – инвестицияның құйылуына және оның негізінде, өндірістің техникалық және технологиялық қайта қарулануына, ал оның салдары ретінде өндірістің өсуіне; үшіншіден – ауыл шаруашылық тауар өндірушілерінің күрделі агроөнеркәсіп құрылымдарында қатысуын қамтамасыз етуіне өткізу нарығын елеулі кеңейтуге мүмкіндік береді.

2. Ондай құрылымдар, ауыл шаруашылық және өңдеу кәсіпорындарын біріктіріп өнім өндіруді, және дайын өнімнің нақты бағасын анықтайтын түпкілікті тұтынушыға жеткізуді де қамтиды. Бұл өз кезегінде, азық-түлік нарығында күшті бәсекелік орналастыруға дайын өнімді өткізуден түскен түсімді технологиялық үдеріс бойынша серіктестіктер арасында үлесіне сай бөлудің әділетті тәсілін табуға мүмкіндік береді.

### Әдебиеттер тізімі

1 Молдашев, А.Б. Проблемы развития аграрного сектора Казахстана в условиях межгосударственной интеграции / А.Б. Молдашев // Международный научно-производственный журнал «Экономика АПК». – Киев. – 2015. - №6. – С. 23- 29.

2 Черняков Аграрный сектор США в конце XX века / Б. А. Черняков. - М.: РИЦ Пилигрим, 1997. - 395 с.

3 Алиев В. Сельское хозяйство Японии [Электронный ресурс].-2016.- URL: <http://www.btime.az> (дата обращения: 17.09.2020).

4 Карамнова, Н.В. Опыт развития агропромышленной интеграции зарубежных стран / Н.В. Карамнова // Теория и практика мировой науки.- Екатеринбург.-2017.-№1.- С.39-42.

5 Шаляпина, И.П. Стратегическое планирование деятельности предприятия АПК / И.П. Шаляпина, О.Ю. Анциферова, Е.А.Мякова: учебное пособие.-СПб.: Лань, 2017.- 140с.

6 Қазақстан Республикасының Статистика агенттігінің ресми сайты [Электрондық ресурс]. – 2019.- URL: <http://www.stat.gov.kz>. (дата обращения: 17.09.2020).

7 Панин, А.В. Экономический рост в сельском хозяйстве на основе модернизации

производств / А.В. Панин: монография. – М.: Проспект, 2016. – 238 с.

8 Молдашев А.Б. Қазақстан Республикасы азық-түлік жүйесінің тұрақты жұмыс істеу мәселелер / А.Б. Молдашев, Г.А. Никитина // Проблемы агросырыны. -2019.-№ 2.- Б.6-11.

9 Усманов, А.С., Голиков В.А., Утемуратов Ж.Ж. Состояние технического обеспечения агропромышленного комплекса Казахстана / А.С. Усманов, В.А. Голиков, Ж.Ж. Утемуратов // Международная агроинженерия. – Алматы. – 2015. - №3(15). – С. 46-55.

10 Молдашев А.Б., Акимбекова Г.У., Шойынбаев Б.С., Бактгереева А.Т., Баймуханов А.Б., Каскабаев У.Р./А.Б. Молдашев, Г.У. Акимбекова, Б.С. Шойынбаев, А.Т. Бактгереева, А.Б. Баймуханов, У.Р. Каскабаев // Организационно-экономические предпосылки формирования отраслевых кластеров в сферах производства, хранения, переработки и сбыта сельскохозяйственной продукции: научный доклад. – Алматы: КазНИИ экономики АПК и развития сельских территорий, 2015. - 51 с.

#### References

1 Moldashev, A.B. Issues of agricultural sector development in Kazakhstan in the context of interstate integration / A.B. Moldashev // International scientific and production journal "Economy of AIC". - Kiev. - 2015. - No. 6. - P. 23-29.

2 Chernyakov Agricultural sector of the USA at the end of XX century / BA Chernyakov. - M.: RIC Pilgrim, 1997.- 395 p.

3 Aliev V. Agriculture of Japan [Electronic resource].- 2016.- URL: <http://www.btime.az> (date of access: 17.09.2020).

4 Karamnova, N.V. Experience of development of agro-industrial integration of foreign countries / N.V. Karamnova // Theory and practice of world science - Yekaterinburg. - 2017. - No. 1. - P. 39-42.

5 Shalyapina, I.P. Strategic planning of AIC complex enterprise / I.P. Shalyapina, O. Yu Antsiferova, E.A. Myagkova: textbook). - SPb.: Lan, 2017.- 140 p.

6 Official site of the Agency on Statistics of the Republic of Kazakhstan [Electronic resource].- 2019.- URL: <http://www.stat.gov.kz>. (date of access: 17.09.2020).

7 Panin, A.V. Economic growth in agriculture based on production modernization / A.V. Panin: monograph.- M.: Prospect, 2016.- 238 p.

8 Moldashev A.B. Issues of sustainable operation of food system of the Republic of Kazakhstan / A.B. Moldashev, GA Nikitina // Problems of AgriMarket.- 2019.- № 2.- P.6-11.

9 Usmanov, A.S., Golikov V.A., Utemuratov Zh.Zh. State of technical support of agro-industrial complex of Kazakhstan / A.S. Usmanov, V.A. Golikov, J.J. Utemuratov // International Agroengineering.- Almaty.- 2015.- No.3 (15). - P. 46-55.

10 Moldashev A.B., Akimbekova G.U., Shoyinbaev B.S., Baktgerreyeva A.T., Baimukhanov A.B., Kaskabayev U.R. / A.B. Moldashev, G.U. Akimbekova, B.S. Shoyinbaev, A.T. Baktgerreyeva, A.B. Baimukhanov, U.R. Kaskabayev // Organizational and economic preconditions for the formation of sector clusters in the spheres of production, storage, processing and marketing of agricultural products: scientific report. - Almaty: KazRI AIC Economy and Rural Development, 2015.- 51 p.

#### Авторлар туралы ақпараттар:

*Абдикадинова Анар Адилхановна*, PhD докторы, бас сарапшы, Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі, 010000, Мәңгілік ел даңғыл, 8, Министрліктер үйі, 2 кіреберіс, Нұр-Сұлтан, Қазақстан, [ankon\\_a@mail.ru](mailto:ankon_a@mail.ru), <https://orcid.org/0000-0001-9738-2479>

*Дулатбекова Жанар Абдираевна*, экономика ғылымдарының кандидаты, «Туризм» кафедрасының доценті, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 010000, Сатпаев көш., 2, Нұр-Сұлтан, Қазақстан, [D\\_jann@mail.ru](mailto:D_jann@mail.ru), <https://orcid.org/0000-0003-0763-0155>

*Кушенова Майра Шаймагамбетовна*, экономика ғылымдарының кандидаты, «Қаржы» кафедрасының доценті, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, 120000, Айтеке Би, 29А, Қызылорда, Қазақстан, [maira77@mail.ru](mailto:maira77@mail.ru), <https://orcid.org/0000-0002-5686-409X>